САПАР

2 Аманкелдідегі ахуал қандай?

ИГІЛІК

3 Қорқыт ата университеті: жаңа міндеттер мен игі істер

БІЛІМ

4 «Апай, біз келдік!»

COVID-19

4 25 адам айығып шықты

Сыр бойы

№58 (19934)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

21 сәуір, **сейсенбі** 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

САПАР

ОҢТҮСТІК АУДАНДАР: КҮРДЕЛІ ЖАҒДАЙ КЕМШІЛІКТІ КЕШІРМЕЙДІ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова эпидемиологиялық ахуалы күрделенген Жаңақорған және Шиелі аудандарында болды. Тосқауыл бекеттеріндегі карантин талаптарының орындалуын тексеріп, ауруханаларда ем алып жатқан науқастардың және медициналық бақылауға алынған азаматтардың жағдайымен танысты деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Жаңақорған кентінде 4 санитарлық тосқауыл бекеті жұмыс істейді. Медицина, полиция және әкімдік қызметкерлері тәулік бойы кезекшілікте тұр. Тұрғындардың жүріп-тұруына қатаң тыйым салынған. Қызметкерлер ыстық тамақ және жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етілген.

Ауданда вирус жұқтырған адамдар жұқпалы аурулар ауруханасында, ал олармен қарым-қатынаста болғандар «Жаңақорған шипажайына» жатқызылған. Қазіргі таңда 80 адам дәрігерлердің бақылауында.

Кент орталығындағы 15 сауда орны, «Қазақтелеком», «Қазпошта» ғимараттары, 20 аялдама, негізгі көшелер және науқастар тіркелген Әлімкөл, Бегайдар Аралбаев, Жеңіс, Әлшекей көшелерінде залалсыздандыру жұмыстары жүргізілген. Жалпы көлемі 527 667 шаршы метр аумақ дезинфекцияланып, адам көп шоғырланатын жерлерде қозғалыс шектелген.

Аймақ басшысы аудан әкіміне жағдайды ұдайы назарда ұстауды және карантин ережелерін мүлтіксіз орындауды тапсырды.

Мұнан кейін облыс әкімінің сапары Шиелі ауданында жалғасып, кіреберісте орналасқан тосқауыл бекетіне барды.

Жалпы ауданда 11 санитарлық бекет құрылып, бірқатар ауылдық округте қатаң шаралар енгізілген.

Коронавирус індеті анықталып, карантинге жабылған Ортақшыл, Қодаманов, Бала би, Жиделіарық елді мекендерінің тұрғындары жергілікті кәсіпкерлер есебінен тегін азық-түлік және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етілуде.

Облыс әкімі Шиелінің индустриалды аграрлық колледжіндегі медицина мамандарымен сөйлесті. Олардың дәрі-дәрмек және қорғаныш киімдерімен қамтамасыз етілгені баяндалды.

Аудандық ауруханың ескі ғимаратында вирус жұқтырған 4 адамға тиісті ем жасалып жатыр. Мұнда науқастарға арнайы оқшау орын қарастырылған. Емделушілердің жағдайы қанағаттанарлық.

Ал «Гежуба Шиелі цемент» зауытының жатақханасы қазір дәрігерлерге оқшау орын ретінде тынығып, демалуларына берілген.

46 жағдай тіркелген Қодаманов ауылы – маңызды назардағы қоныс. Елді мекен толықканды оқшауланған. Осы ауылдан шыққан науқастар облыс орталығындағы жұқпалы аурулар ауруханасында ем қабылдап жатыр. Аймақ басшысы тұрғындарды сабырлы болуға шақырып, жағдай тұрақталмайынша, қатаң карантин ережелерін сақтау керектігін ескертті.

«Біз үшін қазір ең бастысы – дендеген дертті тоқтату. Азық-түлік, дәрі-дәрмек арнайы көліктермен жеткізіледі. Ауылдан ешкімді шығармай, сырттан ешкімді кіргізбеу керек. Вирус жұқтырған адамдардың тезірек жазылып шығуына бар күш-жігерді жұмылдырамыз» деді облыс әкімі.

Ауданда осы күнге дейін 1 млн 262 мың шаршы метр аумақ залалсыздандырылып, 28 млн теңгеге антисептик, хлор, қорғаныш киімдері және басқа да медициналық бұйымдар сатып алынған.

Сапар қорытындысында облыс әкімі ауданда атқарылып жатқан жұмыстардың тиісті деңгейде емес екенін, талаптардың уақытылы орындалмауы салдарынан көпшілік шаралар өткізіліп, аурудың тез таралуына жол берілгенін айтып, аудан басшылығына ескерту жасады.

2-бет.

АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ

ТОҒЫЗ ТҮРЛІ ТАУАР
бағасының өсуіне жол берілмейді

Елімізде жарияланған төтенше жағдай уақытында рұқсат етілген азық-түлік, дәрі-дәрмек, ауылшаруашылық, өмір сүруді қамтамасыз ететін қызметтер барлық санитарлық қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, жұмыс жасауы керек. Төтенше жағдай уақытында атқарушы билік тарапынан аймақтың экономикасын тұрақтандыру мақсатында бірқатар шаралар қабылданып жатыр.

Сондай шаралардың бірі – әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының өсуіне жол бермеу. Біріншіден, облыста алдағы үш айға қажетті қор жасауға азық-түлік өнімдерінің 18 түрі бойынша тұрақтандыру қорына 5 мың тоннаға жуық өнім сатып алу ұйымдастырылған. Тұрақтандыру қорында 2 мың тоннадай өнім болса, оның ішінде 1,3 тоннасы қоймада, 500 тоннасы жеткізушілердің қоймаларында және 128 тоннасы (1 сортты ұн) жолда. Аталған өнімдер халыққа нарықтан төмен бағада сатылуда. Қызылорда қаласында өнімдер негізінен 22 әлеуметтік дүкен арқылы сатылса, аудандарға 2 рефрижератор көлігі арқылы тасымалдануда.

Екіншіден, 1 сортты ұн бағасын тұрақтандыру және әлеуметтік нанның бағасын қымбаттатпау мақсатында Ауыл шаруашылығы министрлігі, «Азық-түлік келісім-шарт» корпорациясы, «Астық өңдеушілер» одағы және облыс әкімдігі арасында сәуір-тамыз айларында ай сайын әр килограмы 130 теңгеден (бұл – тұрақтандыру қорының қоймасына келетін баға) 2475 тонна 1 сортты ұнды облысқа жеткізу туралы меморандумға қол қойылған. Осыған орай, Қызылорда қаласы мен аудан әкімдіктері наубайханаларға ұнды жеткізу бойынша келісім-шарттар жасап, жеткізіп беруді ұйымдастыру қажет.

2-бет.

САҚШЫ

ТӘРТІП – ЖЕҢІСКЕ БАСТАЙТЫН ЖОЛ

Тәртіп сақшылары қоғамдық қауіпсіздікті сақтау бағытында қай кезде де алдыңғы шепте жүреді. Қазіргі сын сәтте де полиция қызметкерлері уақытпен санаспай, өздеріне жүктелген міндетті абыроймен атқаруға күш салып жүр. Бұл әлемді дүрліктірген қауіпті індеттің бетін қайтаруға оң септігін тигізуде.

Sb **Әділжан ҮМБЕТ,**
«Сыр бойы».

Соңғы уақытта өзге әріптестері секілді Арыстанбектің жұмысы қауырт. Жер-дүниені жайлаған қауіпті кесел құрсауы Қызылорда өңіріне келгеннен бастап жергілікті тәртіп сақшылары тәулік бойына қызмет атқаруға кірісті. Арыстанбек қай уақытта да міндетіне зор жауапкершілікпен қарайды. Қоғам қауіпсіздігін сақтауға белсенділік танытады.

Қазір Қызылорда қаласында қауіпті індеттен сақтануға барынша назар аударылған. Тұрғындардың бей-берекет жүруіне тыйым салынған. Автокөлік қозғалысына да шектеу бар. Бұл орайда полиция қызметкерлерінің жауапкершілігі ерекше. Әрбір қауіпсіздік шарасын сақтауға барынша көңіл бөледі. Арыстанбек осылайша қауіпті кеселден құтылу жолында өзінің нәтижелі іс жасап жүргенін қоғам алдындағы зор міндеті санайды.

– Адамдардың барлығы бірдей емес. Әрқайсысының мінезі әртүрлі. Талап барлығына ортақ. Оны сақтауға әрбірі көңіл бөлуі тиіс. Өкініштісі, кейбір азаматтар оған мән бермейді. Қауіпті індеттен сақтану жолдарын қаперге ілмейді. Оның соңы орны толмас жағдайға ұласуы мүмкін. Мемлекетіміз осы бағытта барлық қауіпсіздік шараларын қолға алды. Біз сол жұмыстардың өз деңгейінде орындалуына барынша үлес қосамыз. Күнде жаңалықтарды назарға алып отырамыз. Жақсы нәтижеге қуанамыз. Оң істерге өз үлесімізді қосып жүргенімізді мақтаныш тұтамыз, – дейді Арыстанбек.

4-бет.

ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП

ӨЗГЕГЕ ТӘУЕЛДІЛІК ӨКІНІШТІ ЕМЕС ПЕ?

Экономикалық заңдылықтарға сәйкес кез келген елдің экономикалық қауіпсіздігі мықты болу үшін жеңіл өнеркәсіптің үлесі 30%-ті құрауы керек. Озық технологияны меңгерген дамыған мемлекеттердің өзі осы үстанымнан ауытқымауды жөн санайды. Алайда, бұл көрсеткіш әзірге бізге қол жетпес арман болып тұр. Шикізатқа малынып отырсақ та, жеңіл өнеркәсіптің жалпы ішкі өнімдегі үлесін көбейте алмай келеміз. Қазақстан нарығын импорттық тауарлар жаулап алған. Импортқа тәуелділік өз нарығымызды өзімізге игертер емес. Турасын айтқанда, Қазақстанның жеңіл өнеркәсібі тұралап тұр. Базарлар мен сауда орындары сөрелерінде – Қытай мен Түркиядан, Ресей және Қырғызстаннан келген тауарлар. Мамандардың айтуынша, ел азаматтары киіп жүрген киімнің 80%-і сырттан келген. Біздің тігіншілер ішкі қажеттіліктің 10%-ін ғана өтеп отырған жайы бар.

2-бет.

ҮЙДЕБОЛЫҢЫЗ!

ӨМІРШЕҢ ЖОБАЛАР ЖАЛҒАСА БЕРЕДІ

Өткен сенбі, жексенбі күндері облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Қызылорда қаласында бірқатар әлеуметтік-инфрақұрылымдық нысандарды аралады. Оның барысында қаланың сол жағалауы мен Сырдария ауданына қарасты Аманкелді ауылы да қаперге алынды. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

ЖАРЫҚ пен ЖЫЛУ
келелі мәселелер бар

«Қызылорда электр тарату тораптары» АҚ компаниясының теңгерімінде 9 834,74 шақырым электр желісі мен қосалқы 1812 станция бар.

Аймақ басшысы облыс бойынша 70 проценті ескірген электр желілері мен станцияларды жөндеу мәселесіне баса назар аударды. Биыл жүзеге асырылатын қайта қалпына келтіру жұмыстарына облыстық бюджеттен 166 млн теңге қаралған. Жоспар бойынша аймақта 52,69 шақырым электр желісі мен қосалқы 14 станция жаңалануы тиіс.

«2020-2021 жылғы жылу беру маусымына дейін ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарлануда. Қазіргі таңда облыстың электр энергиясын тұтыну көлемі 98 МВт құрап отыр. Оның 62,3 МВт (63,6%) сыртқы энергия көздерінен, 35,7 МВт (36,4%) «Қызылордажылуэлектрорталығы» МКК мен «СКЗ-U» ЖШС өндіреді», – деді компанияның басқарма төрағасы М.Кәрімбаев.

Облыс әкімі 1964 жылы пайдалануға берілген «Қызылордажылуэлектрорталығы» мекемесінде де болды. Қызылорда қаласын жылу және электр қуатымен қамтамасыз ететін негізгі кәсіпорын жылу беру маусымын аяқтап, келесі маусымға дайындықты бастап кетті.

Мамандар аймақ басшысына 2019-2020 жылдардағы жылу беру маусымының тұрақты түрде өткені және жаз айларында жөндеу жұмыстары жүргізілетінін айтты. Сондай-ақ, кәсіпорынның халықаралық қаржы институттарынан алған несие көлемі жөнінде ақпарат берілді.

«Кәсіпорын 2014 жылдың 18 желтоқсанында «Қызылорда қаласының жылумен жабдықтау жүйесін салу және реконструкциялау» жобасын іске асыру мақсатында Еуропалық Қайта құру және даму банкімен жалпы құны 37,3 млн АҚШ долларына тең кредиттік шарт жасасты. Жеңілдік кезеңі 3 жыл деп белгіленді. Несиені қайтару кезеңі басталып кетті. 2027 жылға дейін қарызды толық өтеуіміз керек», – деді «Қызылордажылуэлектрорталығы» МКК директоры Р.Нұрмағанбетов.

Кәсіпорынның №1 газтурбиналық қондырғысын күрделі жөндеу жоспарланып отыр. Ол үшін облыстық бюджеттен 599 млн теңге бөлініп, мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілуде.

Нысандарды аралау қорытындысында аймақ басшысы жөндеу, қайта қалпына келтіру жұмыстары кестеден кешікпей орындалып, бөлінген қаражат уақытылы әрі үнемді игерілуі қажеттігін тапсырды.

«ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН ОЙЛАУЫМЫЗ ҚАЖЕТ»

Жексенбіде облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Сырдарияның сол жағалауындағы әлеуметтік-мәдени және білім беру нысандарымен танысты. Солардың қатарында, «Болашақ» университетінің жаңа оқу корпусы, Жастар ресурстық орталығы, сол жағалауды «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» көлік магистралімен байланыстыратын жаңа көпір бар.

2017-2019 жылдар аралығында сол жағалауда мемлекеттік бюджет және жеке инвесторлардың есебінен 48 көпқабатты тұрғын үй, Жастар ресурстық орталығы, Қазақ орталық атқару комитеті үлгісімен салынған музейі, «Болашақ» университетінің оқу корпусы, 700 орындық жеке мектеп және 320 орындық балабақша бой көтерген.

«Болашақ» университетінің 12 қабатты ғимаратында «Болашақ-Стартап» инновациялық идеяларды іске асыру, коворкинг орталықтары, ғылыми-зерттеу институты, ғарыштық ғылыми-зерттеу жұмыстары және агробиотехнологиялардың ғылыми зертханасы, әлеуметтік-экономикалық, саяси зерттеулер орталығы, телестудия, дизайн және хореография студиялары, жастар театры жұмыс істейді.

Ал Жастар ресурстық орталығында IT-park, фитнес зал, кітапхана, коворкинг бөлмесі және антикафе орналасқан. Мұнда студенттер мен оқушылар ақпараттық технологиялардың қыр-сырына үңіліп, білімдерін арттыра алады. 3D студия және роботтандырылған техниканы меңгеруге де мүмкіндік қарастырылған.

Сонымен қатар, облыс әкіміне сол жағалауда салынатын әлеуметтік-мәдени және білім беру нысандары туралы мәлімет берілді. Жобаға сәйкес, 300 орындық көпбейінді аурухана емханасымен, 300 орындық физика-математика мектебі, драма театр, 900 орындық орта мектеп, неке сарайы және бизнес орталық бой көтереді.

Қазіргі уақытта көпқабатты 5 тұрғын үйдің құрылысы жүріп жатыр. Биыл «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында тағы 12 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы басталады деп күтілуде.

Облыс әкімі «Шіркейлі» каналы арқылы өтетін, сол жағалау мен «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» көлік дәлізін байланыстыратын көпір құрылысымен танысты.

Төртжолақты көпірдің ұзындығы – 102,8, ені – 21 метр. Құрылыс жұмыстары республикалық және жергілікті бюджет есебінен жүргізіліп жатыр. Қазіргі таңда республикадан қаралған қаражат толық игерілген.

«Облыста қаржыландыруды қажет ететін жобалар көп. Ағымдағы жобалар, атап айтқанда, осы көпір құрылысы дер кезінде аяқталуы керек. Біз тұрғындардың, әсіресе аз қамтылған отбасылардың әл-ауқатын ойлауымыз қажет. Сондықтан қаржыны бөлер алдында, бүгінгі жағдайға икемделген жобаға басымдық береміз» деді облыс әкімі.

Нысандарды аралау барысында сол жағалауды дамыту жобасы жалғасатыны айтылды. «Әсіресе тұрғын үй құрылысы сапалы жүргізіліп, мерзімінде аяқталуы тиіс» деді облыс әкімі.

АМАНКЕЛДІДЕГІ АХУАЛ ҚАНДАЙ?

19 сәуірде облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Сырдария ауданының Аманкелді ауылына да барды.

Бұл ауылдың 25 тұрғынынан коронавирустық инфекция анықталған. Олармен жақын қарым-қатынаста болған 119, жанама қарым-қатынаста болған 12, барлығы 131 адам оқшауландырылды.

Қарым-қатынаста болғандардың 123-і үй бақылауына шығарылса, 8-і стационарлық бақылауда. Тест сынамалары тексеріліп жатыр.

2 мыңнан астам адам тұратын елді мекенде қауіпсіздік шаралары күшейтілген. Ауылға кіреберісте тосқауыл бекеті қойылған. Кіруге және шығуға тыйым салынған. Ауыл көшелерінде де қозғалыс шектелген.

Тұрғындардың тек азық-түлік, дәрі-дәрмек немесе медициналық көмек алу үшін үйден шығуына рұқсат етіледі.

Облыс әкімі жағдай тұрақталмайынша, қатаң тәртіп сақтау қажеттігін ескертті. Көпшілік шараларды өткізуге тыйым салды.

Аудан және ауыл әкіміне карантин талаптарының орындалуын басты назарда ұстап, елді мекендерді дер кезінде залалсыздандыру, індеттің таралуына жол бермеу тапсырылды.

«СБ» ақпарат.

Суреттерді түсірген Б.ЕСЖАНОВ.

ТОҒЫЗ ТҮРЛІ ТАУАР

Үшіншіден, Қызылорда және Түркістан облыстары әкімдері арасында, Түркістан облысының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінен ерте пісетін көкөніс өнімдерін тікелей сатып алуды кедергісіз кіріп-шығу бойынша қамтамасыз ету туралы меморандумға қол қойылған (17 түрлі өнім). Осыған сәйкес, Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері, сатып алынатын өнім көлемдері мен көлік құралдары бойынша бір апта бұрын облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына (аудандық, қалалық бөлімдер арқылы) алдын ала ұсыныстарды жолдап отыруы қажет.

Төртіншіден, 3 министрліктің біріккен бұйрығымен әлеуметтік маңызы бар тауарлардың 9 түрінің бағасының өсуіне жол бермеу мақсатында шекті бөлшек сауда бағалары бекітілді (Кейбір тауар бағалары өндірушілерден әкелу құнынан төмен, сол себепті алдағы уақытта ҚР Президентінің тапсырмасымен қайта қаралатын болады).

Қазіргі уақытта аудандар мен Қызылорда қаласында бекітілген шекті бағаларды сауда субъектілерінің сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын тиісті құрылымдық бөлімдер белгіленіп, мониторинг жұмыстарын жүргізуде. Сол себепті 9 әлеуметтік тауар бойынша қысқаша түсіндірме бере кетейін.

Талап бойынша 1 сортты ұн 154 теңгеден аспауы қажет. Облыста астық өндірілмегендіктен, бұл мәселе бойынша аудандық әкімдіктер тұрақтандыру қорымен келісім-шартқа отырып, наубайханаларға 1 сортты ұн жеткізуді ұйымдастырады. Сонымен қатар бұған барлық өлшенетін және қаптамадағы (фасованные) 1 сортты ұндар кіреді.



1 сортты бөлке нан келісі 139 теңгеден аспауы қажет, дегенмен осы кезге дейін 75-80 теңгеге сатылып келген нан бағасы қазіргі талап бойынша 72 теңгеден аспау керек. Ал енді кәсіпкердің шығынын есептейік. Наубайханадан бір бөлке нанның өзіндік құны 73 теңге, оны дүкенге 75 теңгеге береді, дүкен өз кезегінде оның үстіне 2 не 5 теңге қояды, сонда нан бағасы 77-80 теңге болады.

Рожки – 197 теңге, бұл категорияға барлық өлшенетін макарон түрлері кіреді, яғни, қаптамадағы рожкилер, мысалы «Сұлтан» маркарондары әлеуметтік сараптау тобына жатпайды. Қааркұмық – 294 теңге, бұл категорияға барлық өлшенетін қарақұмық түрі кіреді. Фирмалық қаптамадағы өнімдер мониторингке жатпайды. Күріш – 251 теңге бұл категорияға барлық өлшенетін күріш түрі кіреді. 10, 5 кг қаптамадағы күріштерге қатысы жоқ.

Сиыр еті – 1760 теңге, бұл категорияға сиыр етінің жауырын сүйекті еті мен төс сүйегі кіреді. Жұмыртқа 1 категориялы – 286 теңге, бұл категорияға барлық қаптамадағы 1 категориялы жұмыртқалар кіреді. Өсімдік майы – 414 теңге, бұл категорияға барлық құтыдағы (бутилизированные) өсімдік майлары кіреді. Тұз – 47 теңге («Экстра» тұзынан басқа), бұл категорияға барлық қаптамадағы асханалық тұздар кіреді.

Осындай төтенше жағдай кезінде сабыр сақтап, кез келген мәселені бірлесіп шешуге шақырамыз. Ақылдасып отырсақ, алынбайтын қамал жоқ.

Пірмұхаммед СЫЗДЫҚОВ,
облыстық кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары.

1-бет.

ӨЗГЕГЕ ТӘУЕЛДІЛІК ӨКІНІШТІ ЕМЕС ПЕ?

Десе де, бұған қарап, елімізде бұл бағытта мүлде талпыныс жоқ деп те айтуға болмайды. 2015-2019 жылдарға арналған Индустриалдық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы жеңіл өнеркәсіпте жалпы сомасы 19,6 млрд теңгені құрайтын 20-дан астам маңызды жобаны жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Бүгінгі таңда Қазақстанда 1057 жеңіл өнеркәсіп кәсіпорны жұмыс істейді. Олардың 96%-і шағын кәсіпорындар. Өндіріс ошақтарында шамамен 13 мың адам еңбек етеді.

Ал 2019-2021 жылдарға арналған жеңіл өнеркәсіпті дамыту жөніндегі жол картасы кәсіпорындарды шикізатпен қамтамасыз ету, тауарлардың заңсыз айналымына қарсы күрес жүргізу, қазақстандық қамту үлесін арттыру, экономикалық ынталандыру шаралары, сондай-ақ, жүйелі қолдау бойынша 52 іс-шараны көздейді.

Жеңіл өнеркәсіп үш негізгі топты біріктіреді: тоқыма өнеркәсібі, киім-кешек өндірісі, сондай-ақ былғары және оған қатысты өнімдерді құрайды. Бірақ осы айтылған өндірістерге қажетті қолда бар шикізатты ұқсата алмай отырмыз. Қазақстанға барлығы сырттан тасымалданады. Елімізде терінің 15%-і ғана игеріледі, ал жүн өңделмейді. Өйткені Ресей мен Қытайдан келген алыпсатарлар жүннің барлығын шетел асырып жатыр. Бұған еліміздегі жүн өңдеу орталықтарының санаулы болуы және оған сұраныстың жоқтығы бірден-бір себеп болуда. Соның салдарынан ауылдағылар жүнді отқа жағады немесе қоқысқа тастай салады. Шикізат ретінде бағаланбай отырғаны ащы шындық. Мал терісіне де қызығушылық жоқ.

– Жеңіл өнеркәсіпті жолға қою үшін кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан нақты қолдаулар, көптеген жеңілдіктер жасалуы керек. Алғашқы кезекте жүн, тері өңдеу бағытындағы, шағын цехтар мен кәсіпорындардың көбеюіне мүдделілік танытқан жөн. Сонда бұл салада бәсекелестік пайда болады. Содан кейін барып үлкен кәсіпорындар дүниеге келе бастайды. Тігін, тоқыма бағытында құрылған шағын кәсіпорындардың мобильділігі, жағдайға, сұранысқа орай тез бейімделу мүмкіндігі мол. Мысалы, тігін цехтарының төтенше жағдайға байланысты тез арада бетперде шығаруға кірісіп кеткенін айтуға болады, – дейді өңірдегі жеңіл өнеркәсіп қауымдастығының төрағасы Ділмұхамед Абызов. Сонымен бірге ол әр облыста арнайы экономикалық аймақ құрылғаны дұрыс деп есептейді. Ол жердегі кәсіпорындарда өңделетін шикізат немесе басқа да тауарлар баж салығынан босатылуы тиіс. Сол кезде шетелдік фирмалар тарапынан да қызығушылық артады.

Бұған дейін Д.Абызов құрған «Dalatex» компаниясының шетелдік тауар өндірушілер тауары деңгейінен кем болмайтындай өнім шығарғаны туралы біздің басылымда және басқа да ақпарат құралдарында талай рет жарияланғаны белгілі. Оның ұйытқы болуымен Қызылордада жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының қауымдастығы «Qobyz» сауда белгісімен бастауыш сынып оқушыларына арнап бірыңғай мектеп формасын шығаруға атсалысқанын білеміз. Жобаға 20-ға жуық тігін шеберханасы қатысып, 100-ден астам адам жұмыспен қамтылды. Осылайша жылда осы саладан басқа аймақтарға кетіп жатқан қаржының біраз бөлігінің облыста игерілуіне қол жетті.

Қазіргі күндері «Dalatex» ұжымы және өзге шеберханалар тігіншілері бетперде тігумен айналысып жатыр. Дайындалған 600 мыңдай бетперденің 10 мыңдайы көмек ретінде тегін таратылғанын айта кету керек. Індеттің таралу қаупі сейіліп, бетпердеге сұраныс тоқтағаннан кейін бұрынғы жұмыс процестеріне қайта оралатын болады.

– Бұл сектордың мемлекет үшін маңызы зор. Рас, осы саладан бюджетке көп салық түсе қоймауы мүмкін. Алайда, саланың артықшылығы, көп жұмыс қолын талап етуі. Ал бұл дегеніміз – өз кезегінде жаңа жұмыс орындарын ашудың таптырмас жолы. Бұл – жұмыссыздықпен күресетін жақсы құралдардың бірі, – дейді кәсіпкер.

Сөз жоқ, шетелдік тауарларға тәуелділіктен арылу үшін жергілікті жеңіл өнеркәсіптің әлеуетін арттыру керек. Ол – өз кезегінде жергілікті тұрғындардың, әсіресе, әйелдер арасындағы жұмыссыздықты жоюдың бірден-бір тиімді жолы. Саланың өнімдеріне сұраныс азық-түлік тауарларынан кейінгі екінші орында тұр. Сондықтан қарапайым жұрттың қамын ойлаған ел экономикалық даму стратегиясында бірінші кезекте жеңіл өнеркәсіпті дамытуға айрықша басымдық береді.

Кезінде Қызылорданың тігін фабрикасы мен аяқ киім фабрикасы сапалы өнімдер шығарғанын аға ұрпақ өкілдері жақсы біледі. Табиғи теріден жасалған балалар аяқ киімі тіпті алыс шетелдерге де экспортқа шығарылған еді. Ал одан кейінгі кезеңдері тіпті төсек-орын жабдықтарын сырттан тасымалдайтын деңгейге дейін төмендедік. Соңғы жылдардағы облыстағы жеңіл өнеркәсіп саласында қолға алынып, жүзеге асырылып жатқан жобалар көңіл қуантады. Алайда, олардың жергілікті экономикадағы үлесі әлі өте төмен. Бұл – тек біздің өңірге ғана емес, бүкіл елімізге тән көрініс.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, елімізде осы саланы дамытуға арналған кешенді жоспар бекітіліп, бәсекелестік қабілетін көтеру тетіктері белгіленген. Тұралаған жеңіл өнеркәсіптің бойына қан жүгіртіп, аяғына тұрғызу үшін жағдайлар жасалуда. Әлемге жайылған коронавирус індеті бізде қандай салаларға айрықша назар аударылуы қажет екенін көрсетіп берді. Ертеңгі күні қауіп сейіліп, қалыпты жағдайға қайта оралғаннан кейін Қазақстанда жеңіл өнеркәсіпті дамытуға жаңа көзқараспен қарау керек болатын секілді. Барлық облыс, оның ішінде біздің облыс та бар, осы саланы өрістетуге ерекше кіріскені дұрыс болады. Кәсіпкерлер талпынысы да арта түскені қажет. Жалпы, қоғам жеңіл өнеркәсіп секторының дамығанына мүдделі болуға тиіспіз. Әрбір қазақстандық тұрғын патриоттық сезім танытып, жергілікті кәсіпорындар өнімдерін сатып алуды дағдыға айналдыруы керек. Осылайша жұмылмасақ, жеңіл өнеркәсіпті дамыту жеңіл соқпайтыны анық.

1-бет.

Ұрпақ тәрбиесі қашан да өз маңызын жоймақ емес. Өйткені бүгін біз тәрбиелеп отырған ұрпақ – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын, ұлт үмітін ақтайтын айтулы азамат болмақ. Сондықтан жоғары оқу орындарының алдында бәсекеге қабілетті, отансүйгіш, креативті тұлға тәрбиелеу міндеті тұр. «Қазақтың таным-түсінігінде Қыдыр ата ақ түйесіне мініп, қыр қыдырып, су сыдырып, құдық қазған, жол салған, бидай сепкен, мал баққан шаруақор жандарды бақылап, оларға сақы мырзалықпен ақ бата береді екен. Ақжолтай Қыдыр ата түйесінің аяғы тиген жерде жайқалып-толқындап егін өседі екен» (С.Негимов). Мен, бүгінгі қоғам дамуына жанкешті еңбек етіп жүрген арнайы мамандық иелерін осы бір қасиетті тұлғаға балар едім. Өйткені салауатты қоғам дамуын сауатты ұрпақ қана жетілдіре алады.

ҚОРҚЫТ АТА УНИВЕРСИТЕТІ: ЖАҢА МІНДЕТТЕР МЕН ИГІ ІСТЕР

Бір ғана мысал келтіре кетейін. Табаны күректей 80 жылдан астам тарихы бар Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті бакалавриаттың – 80, магистратураның – 59, докторантураның – 12 бағдарламасы бойынша мамандар даярлайды. Әлбетте әрбір білім ордасы өзінің танымал түлектерімен мақтанады. Еліміздің түкпір-түкпірінде абыройлы еңбек етіп, университет мәртебесін жоғары ұстап келе жатқан түлектерімізді біз де әрдайым мақтан тұтамыз. Қазіргі күні жас ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім берудің оңай емес екендігін қашықтан жұмыс істеу тәртібі одан әрі дәлелдей түсті емес пе? Ал белгілі бір мамандықты игеріп жатқан бүгінгі білім алушыларымызға келсек, олар да алдыңғы буын түлектерімізге ұқсап келешекте ел мақтанышына айналып жатса, нұр үстіне нұр болмай ма?

Орайы келгенде, университеттің қазіргі атқарып жатқан жұмыстарының жай-жапсарын ортаға салсам деймін.

Біріншіден, студенттерге қолайлы орта қалыптастырылуда. Осы ретте «Коворкинг» орталығы ашылуда. Орталық жастардың бір-бірімен еркін араласуына, шығармашылықпен, ғылыми жұмыстармен айналысуына, университеттің, аймақтың, сондай-ақ, еліміздің қоғамдық өміріне белсене атсалысуына үлкен септігін тигізетін болады.

Екіншіден, алдымызда түлектерімізді жұмыс берушілердің талабына, сұранысына жауап беретін білікті маман етіп дайындау міндеті тұр. Осы бағытта білім беру бағдарламаларын кәсіби стандарттарға сай және жұмыс берушілердің ұсыныстарын ескере отырып қайта даярлау, сондай-ақ, зертханалық, практикалық сабақтарды салалас өндірістер мен мекемелерде ұйымдастыру, кәсіптік және оқу іс-тәжірибелерін ыңғайлы мерзімге қою сынды жұмыстар атқарылуда. Наурыз айында «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен «Қызылорда» телеарнасында қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының филиалы ашылғаны – соның жарқын мысалы. Қай салада болмасын «бірлесе көтерген жүк жеңіл» екені белгілі.

Үшіншіден, 2020-2021 оқу жылында қабылданатын түлектерге ректордың білім гранттарының және өндіріс орындары мен кәсіпкерлер тарапынан да сондай гранттардың бөлінуі. Білім гранттарына кімдер ие бола алады деген сұрақ өз-өзінен туындайды?! Ең алдымен біз аймақтағы еңбек ресурстарының балансына және мектеп бітірушілердің таңдауына талдау жасадық. Нәтижесінде біздің өңірде орыс сыныптарында педагог мамандардың, оның ішінде орыс тілі, физика, химия, биология, математика пәндерінен мұғалімдердің жетіспеушілігі айқындалып отыр. Аймақтың сұранысын қажетті кадрлармен қамтамасыз ету аясында үстіміздегі жылдың 25-29 сәуір аралығында онлайн режимде мектеп бітірушілер арасында облыстық пәндік олимпиадалар өткізіледі. Білім гранттарының басым бөлігі жоғарыда аталған мамандықтарға берілетін болады. Бұны өңірдің талантты жастарына көрсетілетін үлкен қамқорлық, олардың заманауи білім алуына жасалатын зор мүмкіндік деп бағалаймыз.

Қолға алынып отырған төртінші мәселе – мектеп бітірушілерді алдағы сынаққа дайындау әрі оқу орнының мамандықтарымен, оқытушы-профессорлар құрамымен таныстыру мақсатында университеттің жетекші ғалымдарының дәрістері мен тегін курстардың өткізілетіндігі. Оқушыларға арналған онлайн курстар бір жағынан, оларға моральдық-материалдық тұрғыдан көмек болса, екінші жағынан, өздерінің болашақ мамандықтарын дұрыс таңдауға үлкен септігін тигізбек.

Бесіншіден, кәсіби бағдар беру жұмыстарының мектеп оқушыларына 7-8 сыныптан бастап жүргізілуі. Арнайы дайындалған жол картасы үкілі үмітімізді ақтайды деп ойлаймыз.

Көп жағдайда оқушыларға болашақ мамандығының бейінді пәнін таңдату 11-сыныпта ғана жүргізіліп келгенін несін жасырамыз. Біздің пікірімізше, мамандық – әрбір жастың өмірлік таңдауы болғандықтан, мектеп түлектері өзінің болашақ мамандығын ерте бастан таңдап, соған бейімделуі керек. Сонда ғана ол өзі таңдаған кәсіптің иесі бола алады. Міне, кәсіби бағдар беру жұмыстарын тұрақты жүргізу және оқушыларға көмек көрсету, психологиялық қолдау білдіру мақсатында наурыз айының 1-нен бастап бізде «Рекрутинг» орталығы ашылды. Орталық шетел азаматтарын оқуға шақыруды іске асырып, бизнес-компаниялармен бірлесе жүргізілетін жұмыстарды үйлестіреді.

2020-2021 оқу жылынан бастап Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұлты қазақ шетел азаматтарына арнап: бакалавриат мамандықтарына – 490, магистратураға – 50, докторантураға 10 грант бөліп отыр. Қазіргі таңда осы стипендиялық бағдарламаға қатысуды ұйымдастыру қолға алынуда.

Ұстаздарымыздың мәртебесін асқақтату – ең басты міндетіміз болып табылады. Өздеріңізге белгілі, «Педагог мәртебесі туралы» Заңға сәйкес мектеп мұғалімдерінің жалақысы көтерілді. Бізде өз тарапымыздан оқытушыларымыздың айлық жалақысын 20-30 пайызға көтердік. Алдағы оқу жылында біз бұл көрсеткішті жоғарылатуды жоспарлап отырмыз.

Университетте қолға алынып жатқан іргелі мәселенің бірі – шетелдік әріптес жоғары оқу орындарымен бірлескен білім беру бағдарламаларын жасау, қос дипломды білім бағдарламасын жүзеге асыру. Біз маман даярлау ісінде өз тәжірибемізбен қоса үздік әлемдік тәжірибелерге сүйенуіміз қажет. Шетелдік әріптестермен байланысты одан әрі нығайту бағытында бакалавриат мамандықтары бойынша Оңтүстік Кореяның Каннам университетімен, Пекиндегі Қытай мұнай университетімен, Польшаның Жоғары Силез экономикалық университетімен қос диплом бағдарламасы жүзеге асып жатса, Ұлыбританияның Роберт Гордон, Австрияның Зальцбург, Бельгияның қолданбалы ғылымдар университеттерімен магистратура бойынша қос диплом бағдарламасы қолға алынуда. Яғни, біздің түлектер екінші жоғары оқу орнының дипломын иеленбек.

Сонымен бірге, бакалавриаттың химия, IT саласы бойынша, магистратураның экономика, ағылшын тілі, информатика бағыттары бойынша ағылшын тілінде білім беру бағдарламалары әзірленді.

Ғылым саласы бойынша да біздің ғалымдарымыз жемісті еңбек етуде. Ағымдағы жылы ҚР БҒМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруымен 9, келісім-шарт негізінде 4 ғылыми жоба орындалуда. Web of Science, Scopus базасына енетін шетелдік жоғары рейтингілі журналдарда біздің ғалымдарымыздың 50-ден аса мақаласы жарияланды. Асқаралы межеміз – зерттеулердің нәтижелілігін арттыру, ғалымдардың тың идеяларын ілгерілету, қорыта айтқанда, ғылыми қызметті жаңа сапалық деңгейге көтеру.

2021 жылдан бастап жоғары оқу орындары өздерінің жеке үлгідегі дипломдарын береді. Өйткені, әлемдік тәжірибе осылай. Біздің ұжым университеттер арасындағы бәсекелестікке төтеп беретініне нық сенімді. Білім беру үдерісіндегі, халықаралық деңгейдегі, ғылым саласындағы және тәрбие бағытындағы жүйелі қызмет, жасампаз жетістіктеріміз жеке үлгідегі дипломымыздың ең түйінді нәтижесі болмақ. Өткен айдың 16-нан бастап еліміздегі төтенше жағдайдың орын алуына байланысты қашықтан оқыту жүйесіне көштік. Оқыту форматы Платонус ақпараттық жүйесінде чат дәрістер негізінде бастау алған болса, екінші аптадан оқу үдерісін одан әрі сапалы және тиімді ұйымдастыру үшін университет педагогтары мен студенттері түрлі ZOOM, Google Classroom.com, Moodle, Telegram, Скайп ақпараттық платформаларында еркін жұмыс істей бастады. Сондай-ақ оқытушылар мен студенттерге Coursera, Лекториум, МООК сияқты білім порталдарында орналасқан видеодәрістер мен онлайн курстар ұсынылды.

Қашықтан білім беру жағдайында туындаған барлық сұрақтарға жауап беру мақсатында университет сайтына Call орталығы туралы ақпарат орналастырылып, онда келіп түскен сұрақтарға дер кезінде жауап берілуде.

Қашықтан оқыту технологиясын пайдалануды – білік-тілік пен білімнің сыналатын уақытында өзіміздің бәсекеге қабілетті екенімізді байқатуға жасалған бірден-бір мүмкіндік деп сезіндік.

Қорыта айтқанда, өзінің сан-салалы қызметін мемлекет пен қоғам қойып отырған жаңа талаптар үдерісінде дамытуда, заманымыздың сындарлы сынақ-шақыруларына лайықты жауап беруде – атқарып жатқан істеріміз бен шараларымыз ұшан-теңіз. Игілігі мол әрбір ісіміз жүйелі жалғасады.

Алға қойған мерейлі мұратымыз – қасиетті Қорқыт ата есімін иеленген осынау киелі оқу ордасының озық дәстүрлерін одан әрі жалғастыру, ұжымның қалыптасқан бірлігін бекемдей, қуатын еселей түсу, рухы жоғары, парасаты кенен мамандар даярлауда биік белестерді бағындыру.

Бейбітқұл КАРИМОВА,
Қорқыт ата атындағы ҚМУ ректоры.

ПІКІР-ПАЙЫМ

Сақтықта қорлық жоқ

Ел басына күн туған қысылтаяң шақта елімнің кешегісі мен бүгінін ойға оралттым. Дана халқымыз басынан қанша нәубет өтсе де, тарыдай шашыраса да араға уақыт салып тарихи отанда бас қосқан. Бір түйір дәнге, бір үзім нанға зар болған кешегі ашаршылық жылдарында талай қандасымыз опат болды. Кешегі талай зұлматтан өткен халқымыз бұл сынақтан да сүрінбей өтетініне сенімім кәміл.

Карантин режимі күшейтілгені туралы хабарға қанықтым. Соңғы қаулыда екінші деңгейлі банктерге, «Қазпошта» АҚ филиалына, айырбастау пункттеріне, пошталық, коммуналдық, телекоммуникациялық қызмет көрсететін кәсіпорындар мен ұйымдарға халықтың көп шоғырланбауы туралы қатаң талап қойылды. Бұған дейін бұл талап болды да. Десе де, басқа талаптардан гөрі өз деңгейінде орындалмады. Сондықтан, күшейтілген режимде осы қатарға ерекше мән беріп отыр.

«Сақтықта қорлық жоқ» деп атам қазақ бекер айтпаған. Жергілікті биліктің тапсырмасы, блок-бекеттердегі талаптар кейде ойындағынды орындай алмай жатқан соң, ашуға тиюі мүмкін. Бірақ, біз мұның барлығы өзіміз үшін, бас амандығымыз үшін екенін ойлауымыз керек. «Сабыр түбі – сары алтын» деп, кішкене уақытқа шыдамдылық танытсақ игі. Тіпті көршіге де бармаңыз, үйде болыңыз! Өйткені, карантиннің мақсаты да сол, ауруды ауыздықтап, халықты дерттен аман сақтау.

Мен қазақтай ұлы халықтың перзенті екенімді мақтан етемін. Сын сағатта құлағанға қолдау көрсетіп, сүрінгенге сүйеніш болып жатқан елімнің келер күнінен үміті көп. Жаратқан жар болып, ел аман, жұрт тынышта қауышайық!

Аманбай НҰРЖАНОВ,
облыстық мәслихаттың бас инспекторы.

Бастысы – бірлік

Қазір әлемді алаңдатқан індеттің кесірінен еліміз күрделі ахуалды бастан өткеруде. Бұл пандемия күннен-күнге ушығып, ауқымды қауіпке ие болып отыр. Дерт біздің аймақта да көптеп тіркелуде. Облысымызда төтенше жағдай кезеңіндегі талаптар күшейтілген болатын. Бұған қарамастан, тұрғындардың ретсіз жүруі тыйылмай тұр. Қазіргі таңда аймағымызда вирусты жұқтырғандардың саны 143-ке жетті.

Осы себептен облысымыздың бас санитарлық дәрігері «Карантиндік шаралар туралы» 18.04.2020 жылғы №10 қаулысы жарияланды.

Енгізілген жаңа қаулыға сәйкес барлық қажетті алдын алу шаралары жүзеге асырылуда. Қоғамдық тәртіп қатаң бақылауға алынып, көпшілік қатысатын іс-шаралар тоқтатылды. Сондай-ақ, азаматтарымыз отбасылық іс-шараларды өткізбеген жөн деп санаймын. Бұл – біріншіден, бүкіл халықтың денсаулығы үшін жасалынып жатқан сақтық шаралары. Қазіргі заманғы цифрлық технологиялардың мүмкіндіктері біздің өмірімізді жеңілдетеді. Ал, вирустардың таралу қаупі жағдайында цифрландыру ауруды жұқтырудың алдын алу мен қорғаудың тиімді шараларының бірі болып отыр. Себебі, біз үйде отырып онлайн түрде тауарларға тапсырыс беріп, коммуналдық төлемдерді, салықтарды және көптеген төлемдерді жасай аламыз. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметтерді де үйде отырып электронды форматта egov.kz порталы мен мобильді қосымшалардың көмегімен смартфон арқылы алуға мүмкіндік бар. Төтенше жағдайға байланысты барлық Халыққа қызмет көрсету орталықтары өз жұмысын уақытша тоқтатқан болатын. Бірақ, соған қарамастан ХҚКО мамандары Сіздер үшін 1414 байланыс орталығы арқылы қызмет көрсетуде.

Осы сақтану шараларының барлығы – халықтың денсаулығы үшін жасалып отырған өте маңызды қадам. Мұны дұрыс түсінесіздер деп ойлаймын. «Сақтансаң, сақтаймын» дегендей, әр адам барынша сақтанып, вирустың таралмауына атсалысуы қажет. Бұл қиындықты бәріміз бір халық, бір қоғам болып міндетті түрде еңсеріп шығамыз. Аймағымызда енгізілген шектеулерге әр азамат жауапкершілікпен қарауы тиіс. Осыған қаламыздың барлық азаматтары қолғабыс көрсетеді деп сенемін. Сабыр сақтап, тәртіпке бағынуымыз керек. Азаматтық жауапкершілігіміз осындай сәтте сыналады. Сондықтан, бір адамдай жұмылып, қауіпті індетпен күресуіміз қажет.

Айдын ҚАЙРУЛЛАЕВ.
«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы облыс бойынша филиалының директоры.

Қазір қауіпті кеселдің бетін қайтару басты назарда тұрғаны әмбеге аян. Осы тұрғыда мемлекет тарапынан атқарылып жатқан толағай тірліктерге қоса көптеген азаматтар да аты жаман індетке қарсы күресте белсенділік танытуда. Олардың қатарында түрлі мамандық иелері, еріктілер мен кәсіпкерлер де аз емес.

Sb **Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,**
«Сыр бойы» .

Дархандықты дағды еткен

Арал ауданында кәсіпкерлер тұрмысы төмен отбасыларға қамқорлық жасауды қолға алған болатын. «Садақаны сауда бер!» қағидасын ұстанған дархан пейіл қанға сіңген дағды екені тағы рас. «Жақсының жақсылығын айт...» демекші, жомарт жүректі жайсаң жандарды оқырманға паш етсек.

Облыстық мәслихат депутаты Мейрамбек Жұмашев аз қамтылған отбасыларға азық-түлік таратып, тұрғындарға 5000 дана бетперде үлестірді. Ал облыстық, аудандық мәслихат депутаты, кәсіпкерлер Қадірберген Бедер мен Ақыл Сәдуақасова, жеке кәсіпкер Қуанышбай Ердіқалықов мұқтаж отбасыларға қаржылай көмек көрсетті. Кәсіпкер Төребек Игіліков тұрмысы төмен отбасыларына балық шабақтарын таратып, Нұрсұлтан Ақмұрзаев аудандағы блок-бекеттердегі жауапты қызметкерлерге сусын үлестірді. Еріктілер мен кәсіпкерлер бекет басындағы азаматтарды ыстық тамақпен қамтамасыз етіп келеді.

Мұндай ізгі шаралар кент, ауылдық округтерде жалғасып, мұқтаж отбасыларды демеу мақсатында азық-түлік өнімдерімен қамтуда. Кеселдің тарауына байланысты тұрғындар арасында жеке қорғаныс құралдарына да сұраныс артқаны белгілі. Індеттің алдын алуға және бетперде тапшылығын болдырмауда ауданымыздың тігін шеберханалары мен білім беру ұйымдары ұйымшылдықпен әрекет жасауда. Жеке кәсіпкер Индира Жұмашева мен Фатима Сәрсенбаева тігін шеберханаларында тігілген бетперделерді көпбалалы отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі жандарға тегін таратты. Осынау ізгі бастаманы аудан еріктілері мен №14, 13, 83, 220, 262, 71 мектеп ұжымдары, Арал индустриалды-техникалық колледжі жалғастырып, қолдан бетперде тігіп, аудан тұрғындарына үлестірді. Осылайша аралдықтар уақытша қиындыққа қарсы күресте көп болып жұмылуда.

Арал ауданы.

БРИФИНГ

«Үйде бол!» ұранына үн қосты

Ай бұрын елімізде төтенше жағдай режимі енгізілді. Осыған байланысты барлық қоғамдық шаралар тоқтатылып, індетті ауыздықтауға қатысты бастамаларға басымдық берілді. Бұл ретте жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру назардан тыс қалған жоқ. Облыста ерекше жұмыс форматы қолға алынды. Осы және өзге де мәселелерді облыстық «Жастар ресурстық орталығы» КММ директоры Бауыржан Мастеков өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте тарқатып айтты.

Sb **Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ,**
«Сыр бойы» .

Брифингте орталық директоры барлық шаралардың онлайнға ауысқанын атап өтті. Қазір бұл жүйе өзінің оңтайлылығын көрсетуде. Оның көмегімен қашықтан оқытатын «Қолжетімді ағылшын» жобасы іске қосылды. Электронды оқулық платформалары арқылы «ҰБТ-ға дайындық», «Математика онлайн», «Спорт онлайн» шеберлік сабақтарын өткізу де қолға алынған.

– Барлық жұмыстарды қашықтан жүзеге асыру бойынша арнайы іс-шаралар жоспарын бекіттік. Соның негізінде онлайн сабақтар өткізу жолға қойылды. Оған қоса кәсіби маманның қыштан құмыра жасауға, суретшілік өнерді дамытуға қатысты шеберлік сағаты ұйымдастырылды. Шаралардың барлығы Facebook, Instagram, Youtube желілеріне орналастырылуда. Карантин кезіндегі қаралым айтарлықтай жоғары. Қуантарлығы, бұл шаралар қала көлемінде, барлық аудандарда да жүйелі жалғасын тауып отыр, – деді Б.Мастеков.

Сонымен қатар орталық директоры жастардың қызығушылығын тағы бір пысықтау үшін сауалнамалар жүргізу де күн тәртібіне қойылғанын алға тартты.

– Орталық қазір COVID-19-бен күреске шақыратын бейнероликтер түсірілімін үзбей жалғастыруда. Қалалық, барлық аудандардағы орталықтар #Үйдебол қозғалысын кеңінен насихаттап келеді. Бұл – бүгінгі күннің басты ұраны. Сондай-ақ, карантин кезінде онлайн мұражай аралауға, түрлі мағыналы фильмдер қарауға нұсқаулықтар ұсынылып, жас буынның өрісін кеңейтетін электронды кітаптар топтамасы парақшаларға орналастырылды. Жуырда желіде «Кітап құрттарымен» бірлесе «Мен оқыған бір кітап» тақырыбында онлайн әдеби кеш ұйымдастырдық. Оған 300-ге жуық жас, қала тұрғындары пікір қалдырып, кітапсүйер қауымның көптігін дәлелдеді. Парақшаларда онлайн ойындар да қамтылып жатыр. Төтенше жағдай жарияланғалы облыс көлемінде 136-ға жуық онлайн шара ұйымдастырылды, тиімді жүйенің арқасында біз 6700-ге жуық жасты қамтуға мүмкіндік алып отырмыз, – деді Б.Мастеков.

Бауыржан Қайырбекұлы алдағы міндеттің ауқымды екеніне де тоқталды. Орталық облыстық жастар басқармасымен бірлесе арнайы қала және аудан жастары үшін «Бейбітшілік пен бірлік жастары», «Мен әскердемін» челленджін ұйымдастырмақ. Сонымен қатар «Әскерге бару – азаматтық парызым» вайн байқауы, шығармашыл жастар үшін эссе жазудан сайыс, «Мың тағзым сізге, ардагер!» тақырыбында онлайн форматтағы концерттік бағдарлама ұсыну жоспарда.

«АПАЙ, БІЗ КЕЛДІК!»

қашықтан оқудың бір күні

Тасыр-түсыр. Сарт-сүрт. Ұялыдағы WhatsApp қосымшасын ноутбукқа жалғаған Индира Жұмағалиқызы балаларға тапсырма жазып жатыр. Ол – Қоғалыкөлдегі №44 орта мектепте бірінші сыныптың ұстазы. Бір айтқанды түсінбегенде тағы бірнеше қайталайды. Өз уақытын аямаған, өзгенің бақытын аялаған деген осы да. Қашықтан оқыту үшін телефонның құйтақандай экранына үңілгенше, компьютерге қосып алыпты. Мүмкіндіктер дәуірінде ол заман көшінен қалмай келеді.

Sb Дәулет ҚЫРДАН, «Сыр бойы».

– Қашықтан оқытуды бастағанымызға екі аптадан асты. Балалар «Балапан» телеарнасындағы сабақты қарап болған соң, өздері «Апай, біз келдік!» деп барлығы біріккен чатқа шығады. Бұл әдіс олардың еркін ойлау жүйесі мен өзіндік пікірін дамытады. Электронды оқулықты көбірек қолдануға тырысамыз. Қосымша тапсырмалар беріп, смайликтер арқылы бағалап отырмыз. Ал бағалау – оқушы ынтасын арттыратын әдіс, – дейді Индира Әлдекешова.

Ауыл мұғалімі үшін осындай қиын кезеңде отбасының да қолдауы ерекше. Түске дейін сабақ өтсе, түстен кейін ертеңгі сабаққа дайындық. Арасында ата-аналар түсінбегенін сұрап қоңырау шалады. Оған да қабақ шытпай жүгіріп кету Индира Жұмағалиқызының күнделікті жұмысына айналған.

– Бұл кезде ата-ананың мойнындағы жүк те ауыр. Білімнің іргетасы бастауышта қаланатынын ескерсек, осы сәт қиындық тудыратыны анық. Жұптасып, топтасып, бір-бірімен жарыса сабақ оқитын күнді оқушылар да сағынған. Ал біз қашықтан оқытуда ашық сабаққа ұқсата отырып, жеміс-жидектердің, түрлі заттардың бейнесін электронды смайликпен түсіндіреміз. Бала жарқыраған суреттер мен өзгеше бағыттарды көріп қызығушылық танытады. Мүмкіндігінше, сапалы білімді жоғары деңгейде беруге тырысып жатырмыз, – дейді ұстаз.

Индира Әлдекешова ғылыми конференциялар мен жобаларға қатысып, сан мәрте оқушылары да, өзі де марапат биігіне шыққан. Ізденімпаз ұстаз ата-аналарға ерекше алғыс айтты. Өйткені, бала жанының бағбанына айналып еңбек етуде олар мұғаліммен тонның ішкі бауындай біте қайнаспаса, еткен істің бәрі бекерге кетеді. Мұндай жауапкершілікті ұғынған ата-аналар қатарында немересі Айсана Жорабекті оқытып отырған Ләззат Шайхиева да бар. Ол карантинге байланысты үйде.

– Бұрын бар уақытымыз жұмысқа кететін. Қазір бір уақыт бала тәрбиесіне, білім алуына көңіл бөлетін болдық. Мұғалімдермен қосылып, біз де жабыламыз. Қайсыбір ата-ана болмасын, бар жауапкершілікті мектеп пен ұстазға ысыра салуға болмайды. Өзіміз үшін, балаларымыздың болашағы үшін біз де атсалысуымыз керек, – дейді Ләззат Тағайбекқызы.

Кішкентай Айсана әжесінің тілін алып, дәптерге әріп көшіріп отыр. Бүгінде олар бағдарлама бойынша әріптерді аяқтап, сауат ашуға кіріскен. Айта кетейік, 2 жарым мыңдай тұрғыны бар ауылда бастауыш сыныптардың 21 мұғалімі осылайша сабақ өтуде. Жоғары сыныптарда да қызу жұмыс жүріп жатыр.

Бұрын баланың білім нәрімен сусындауына үштік одақ арасындағы ынтымақтастық жақсы әсер ететін. Ол – мектеп, мұғалім, ата-ана.

Әр істің бір қайыры болады деуші еді. Рас екен. Карантин уақытында балалардың үйден оқытылып жатқанынан ата-аналар да мұғалімді түсіне бастады. Өйткені, олар өздерін ұстаздың орнына қойып көрді. Шыдамдылық пен төзімділікті талап ететін саланың отымен кіріп, күлімен шығып жүрген ұстаздың бір ғана күні – бұл. Оның бір күні бір күніне ұқсамайтынын сіз бен біз жақсы білеміз ғой...

Сырдария ауданы.

Тәртіп – жеңіске бастайтын жол

Ол отбасында әкесі Қасқырбектен төзімділік, жауапкершілік, сабырлылық секілді асыл қасиеттерді бойына сіңіріп өсті. Отбасында алған тәрбиесі қазір қызметінде өз пайдасын тигізіп келеді. Әкесі Қасқырбек пен анасы Мейрамкүл екеуі де ұзақ жыл теміржол саласында қызмет атқарды. Арыстанбек полиция қызметін таңдағанда оған отбасында барлығы қолдау білдірді. Десе де, үйдің үлкендері оған бұл қызметтің жауапкершілігі туралы еске салып өтті.

– Қай кезде де отбасымды жоғары қоямын. Ата-анам тәлімді тәрбие берді. Бүгінде өзім де екі бала тәрбиелеп отырмын. Бала кезімнен анамның ыстық бауырсағын жеп өстім. Оның дәмі әлі күнге дейін ауыздан кетпейді. Қазір де анам шаңырақтың шырайын келтіріп отырады. Енді немерелерін тәрбиелеуге көңіл бөлуде, – деді Арыстанбек.

Ол 2012 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін құқықтану мамандығы бойынша бітірген. 2015 жылдан бастап осы уақытқа дейін Қызылорда қалалық полиция басқармасы әкімшілік полиция бөлімінің жол және техникалық тобының мемлекеттік автоинспекторы қызметін атқарады. Қазір аға лейтенант шенінде.

Ол – сауатты, жауапкершілігі мол азамат. Әріптестері оның қарапайым, адал, жауапты, қиын сәтте көмекке келуге даяр екендігін айтады. Мінсіз қызметі үшін бірнеше мәрте марапатталған. Жұбайы Аида Арманова екеуі 2013 жылы шаңырақ көтерді. Аида облыстық медицина орталығының дәрігері қызметін атқарады. Олар бүгінде Бейбарыс пен Әлихан есімді ұлдарын тәрбиелеуде.

– Мен жұмысқа келгенімде отбасылы едім. Полиция қызметінің жауапты және ауыр екенін алғашқы күннен-ақ түсінемін. Балаларым – өмірімнің мәні, шаршағанда көңілімді аулайды. Үлкенім – Бейбарыс 5 жаста, онымен сөйлесіп, ақылдасу өте қызық. Жақсы сурет салады. Бізді жетістіктерімен қуантып отырады. Өзім спортпен шұғылданамын, таңертең жүгіремін. Балалармен бірге жаттығу жасап, футбол ойнаймыз. Балаларыма әрдайым үлгі болғым келеді, – дейді Арыстанбек.

Елімізде жарияланған төтенше жағдай режимінде Арыстанбек пен Аида күндіз-түні жұмыста. Отағасы патрульдік бекетте тынымсыз қызмет етеді. Ал Аида медициналық қызметкер болған соң шұғыл шақыртумен жұмысына жиі барады. Мұндай уақытта балаларға әжесі қарайды.

1-бет.

Қауіпті кеселден жазылып шыққандардың саны күннен күнге өсіп келеді. Бұған бүкіл ел қуанып, жақсы жаңалықты бір-бірімен бөлісіп жатады. Жақын күндері әлеуметтік желіде аурудан жазылып шыққан адамның жазбасы дәрігерлерге деген жүрекжарды лебізімен бірге жарияланды.

«Мен жазылдым!»

Мен коронавирус індетінен жазылып шыққан Қызылорда қаласының тұрғынымын. Осы аурумен күресуге көмектескен және емдеп шығарған облыстық жұқпалы аурулар ауруханасының медицина қызметкерлеріне ерекше алғысымды білдіргім келеді.

Бүгін үйге келгенімізге екі күн болды. Көңіл-күйіміз бен денсаулығымыз жақсы. Осыдан 15 күн бұрын ауруханаға түскенде өте қатты үрейде болғанымызды жасырмаймын. Сол сәтте қасымызға келген дәрігерлер дәрі-дәрмекті беріп, кетіп қала салмай, жанымыздан табылып, түскен көңілімізді көтеріп, психологиялық қолдау көрсетті. Дәрігерлер бізбен бірге уайымдап, бізбен бірге тағатсыздана зерттеу нәтижелерін күтті. Онымен қоса палатаға «Біз біргеміз, біз жеңеміз!» деп ұрандап кіргенде дәрігерлердің дауысынан еңсеміз кәдімгідей көтерілетін. Шын айтам сырт көзге ыңғайсыз көрінгенімен төрт қабырғада қамалып, еңсесі езілген науқастарға бұл үлкен демеу беріп, жігер сыйлайды екен.

Ақ халатты абзал жандар мені ғана емес, әкем мен анамды, тәтелерім мен інімді емдеп шықты. Сонымен қатар менің 87 жастағы әжемді қосалқы сырқаттарына қарамастан, аты жаман аурудан айықтырды. Бұл – біздің дәрігерлеріміздің қәсібилігін көрсетеді емес пе?!

Осы тұста жұқпалы аурулар ауруханасы бас дәрігеріне, бас дәрігерінің орынбасары Алмаханова Мира Аябекқызына, емдеуші дәрігерлер Оспанова Гүлнар Аманжолқызы мен Жүкешев Қанат Талғатұлына және орта буын қызметкерлеріне де ерекше алғысымды білдіремін.

Құрметті дәрігерлер, сіздерге отбасымыздың атынан әлемдегі бар жақсылықты тілейміз. Тез-тез аты жаман вирусты жеңіп, аманесен отбасыларыңыздың қасына қосылуды Алла нәсіп етсін. Алла сіздерге мықты денсаулық пен иммунитет берсін. Алдарыңызға келген науқастар сауығып кете берсін. Өмірлеріңізде қуанышты сәттер көп болғай!

● ЖЕДЕЛ ЖЕЛІДЕ

25 адам айығып шықты

Дүйсенбі сағат 9.00-дегі мәлімет бойынша аймақта «COVID-19» вирусының жаңадан екі жағдайы анықталып, індет жұқтырғандар саны 149-ды құрады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Жақсылық Әбдусаметов мәлімдеді.

Sb Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы».

– Өткен тәулікте тіркелген екі жағдай да Шиелі ауданынан анықталып отыр. Олар – бұрын ауырған азаматтармен тікелей байланыста болып, карантиндік бақылауда жатқандар. Сонымен бірге бүгінде инфекция жұқтырғандармен қарым-қатынаста болған 2181 адам анықталды. Оның 1146-сы жақын, 1035-і жанама байланыста болған. Жалпы инфекциялық төсек орында 125 науқас ем алуда. Жағдайлары қанағаттанарлық. Осы күнге дейін аймақта 5660 тест сынамасы жасалды. Өткен тәулікте 801 тест сынамасы алынса, соның 546-сы теріс мәнді болды, екеуі айтып өткеніміздей, оң нәтиже көрсетті. 253 тест сынамасы тексерілуде. Облыста 8050 тест сынамасының қоры бар. Жалпы ахуалға тоқталсақ, бүгінде карантиндік шаралардың нәтижесін көріп отырмыз. Өйткені індеттің тікелей қарым-қатынас арқылы берілуі біршама тыйылған. Осыған орай шектеулердің әрі қарай сақталуын қамтамасыз етуге тиіспіз. Карантиндік шараларға байланысты тұрғындар арасында қалыпты өмір дағдысынан шығу қиынға соғып, қолайсыздық тудырып отырғанынын білеміз. Бірақ тұрғындарды бұл жағдайға түсіністікпен қарап, сабырлық танытуға шақырамыз. Карантин мерзімі 1 мамырға дейін созылатын болса, енді қалған он күнде тәртіпке бағынып, тікелей қарым-қатынас арқылы індеттің таралуына жол бермеуге тиіспіз. Осыған түсіністік танытсақ деймін. 28 наурызда алғашқы науқас анықталған уақыттан бері біздің дәрігерлеріміз үйлеріне қайтпай, науқастарға көмек көрсетіп жатыр. Әріптестерімізге де сабырлық тілей отырып, індетті ауыздықтауға шақырамыз, – деді ол.

Ал сол күні сағат 15.00-дегі ақпарат бойынша аймақта аурудан айығып шыққандар саны 25-ке жетті. Індетті жеңгендер қатарына соңғы қосылған науқас Қармақшы ауданынан.

Жалпы, Қызылорда қаласында 6, Жаңақорған ауданында 13, Шиелі мен Қармақшыда 3 адам аурудан айығып, үйлеріне шығарылды. Олар екі апта дәрігерлер бақылауында болады.

Хабарландыру

Қазақстан Республикасында жарияланған төтенше жағдай және Қызылорда қ. енгізілген карантинге байланысты, «Транс Азия Констракшн» жауапкершілігі шектеулі серіктестік мүшелерінен кешірім сұрай отырып, серіктестік мүшелерінің кезекті жиналысының өтетін уақыты 2020 жылдың 20 мамырына ауыстырылғаны туралы хабарлайды.

Жиналыс жергілікті уақыт 15.00-де, Қызылорда қаласы, Е.Көшербаев көшесі, 94 үйде өтеді.

Күн тәртібі:
1. Серіктестіктің 2019 жылғы қаржы-шаруашылық қызметі жөніндегі есеп беруі.
2. Ревизиялық комиссиясының есеп беруі.
3. Өкілеттігінің бітуіне байланысты, серіктестіктің атқарушы органын сайлау.
4. Әртүрлі.

«Транс Азия Констракшн» ЖШС.

Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы және облыстың мәдениет қайраткерлері мен өнер иелері, сала мамандары Қорқыт ата мемориалды музейінің басшысы Бақтияров Нұрлан Жеңісбекұлына әкесі
Жеңісбек Сайранұлының
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады. **E-mail: smjarnama@mail.ru**

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 28791 | Тапсырыс №560 | Кезекші редактор **Назерке САНИЯЗОВА.**